

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 20 (36),
қазан
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

24 қазанда «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының төрағасын сайлау шарасы өтеді

Құрметті әріптестер, «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының мүшелері!

Биылғы жылы Қазақстан Республикасының Үкімет қаулысына сәйкес, мерекелік күндердің тізбесіне өзгеріс енгізіліп, аталған тізім Қазақстан кәсіптік одақтарының күнімен толықты. Қаулыға сәйкес, жаңа мейрам 10 қазанда аталып өтті.

Бұл мереке – қарапайым еңбеккерлердің, жұмысшылардың мерекесі. Өйткені, қарапайым еңбек адамының әлеуметтік жағынан толық қамтылып, еңбек құқықтарының сақталуы - оның алаңсыз жұмысын істеуінің, еңбегінің нәтижелі болуының бірден-бір кепілі. Жұмысшылардың осы игіліктерге ие болуына әрбір ұжымдағы кәсіподақ ұйымы мүдделі. Атап айтсақ, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 5 мыңға жуық ұжымының 4920 адамы Компанияның кәсіподақ ұйымының мүшесі болып табылады.

«Ембімұнайгаз» АҚ үшін еңбек адамының әлеуметтік мүддесі мен құқығын қорғау басты назарда ұсталып келеді. Компанияның Кәсіподақ ұйымы кәсіпорынның миссиясы мен құндылықтарын насихаттау, ұжымішілік байланысты нығайту, еңбек ұжымдарындағы тұрақтылықты сақтау, қызметкерлердің жұмыс жағдайын жақсарту мақсатында біраз жұмыстарға қолдау көрсетуде.

Компанияның алға қойған мақсаттары зор. Жаңа технологиялар мен әдістерді енгізіп, өндірістік көрсеткіштерді жақсартуға тек бірлік пен адал еңбектің арқасында қол жеткізе аламыз.

Сіздерді кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, ел мүддесі үшін атқарып жатқан еңбектеріңізге табыс тілеймін! **E**

**Ізгі тілекпен,
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.**



Алғаш рет SPE Симпозиумы өтті

Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұйымдастыруымен «Каспий өңірінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік» мәселелеріне арналған SPE Симпозиумы өтті.

Аталмыш шараға Каспий өңірінде қызмет ететін 300-ден астам мұнай-газ компанияларының өкілдері, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша әлемдік және жергілікті сарапшылар қатысты.

(Жалғасы 2-бетте)



«Сарыарқа» газ құбырының құрылысы уақытында аяқталды

Нұр-Сұлтан қаласының маңында «Сарыарқа» газ құбырының «алтын торабын» дәнекерлеу рәсімі өтті. Салтанатты шараға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, ҚР Энергетика министрлігі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің өкілдері қатысты.

Газ құбыры Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша салынып жатыр. Ауқымды жобаны қаржыландыруға «Самұрық-Қазына» қоры белсене қатысты, құрылыс мердігері «ҚазҚұрылысСервис» МГҚК» АҚ, операторы – «Астана Газ ҚМГ». Айта кету керек, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес компаниясы желісі бойынша жобаның желілік бөлігінің құрылысы ағымдағы жылдың наурыз айында басталды. Осылайша, құрылысшылар 8 айдың ішінде Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Нұр-Сұлтан бағыты бойынша газ құбырын тартты. Салтанатты рәсім барысында Ахметжан Есімов құрылысқа оң баға беріп, еліміздің солтүстік және орталық өңірлерін табиғи газбен үздіксіз қамтамасыз етудің,

көмірден жылу беру нысандарын газға көшірудің, сондай-ақ газ құбыры өтетін облыстардың экологиясын жақсартудың маңыздылығын атап өтті.


- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Бес әлеуметтік бастамасы аясында салынған газ құбыры еліміздің Орталық Қазақстан мен астанасын ортақ газ тасымалдау желісімен байланыстырды. Бұл бір жылдан аз уақыт ішінде салынған тәуелсіздік жылдарындағы ең ірі инфрақұрылымдық жоба,- деді Ахметжан Есімов.

Елорда әкімі Алтай Көлгінов үлкен жұмыстың атқарылғанын атап өтті. Жергілікті атқарушы органдардың міндеті-газды қала ішінде бөлу. Жобаның бірінші кезегі ЖЭО-1,2,3, Көктал-1,2, Железнодорожный кенті, Оңтүстік-Шығыс (оң және сол) дейін газ тарату желілеріне газ беруді көздейді. 1 кезең аяқталған соң 13,5 мың үйдің тұрғындары газбен қамтылады. Жобаның екінші кезегі-Мичурино, Интернациональный, Күйгенжар (1-2 ПК), Тельман (3 ПК),

Пригородный, Garden Village, Family Village (4 ПК) елді-мекендері газбен қамтылады. Ал үшінші кезекте Ильинка (1-2-ші ДК), Шұбар (3-ші ДК), Өндіріс (4-ші ДК) елді-мекендері газдандырылады.

Пайдалануға берілгеннен кейін газ құбыры газ тасымалдауды жүзеге асыруға «Интергаз Орталық Алия» АҚ-на (ИОА) жалға беріледі. **Е**

www.kmgep.kz



Тағайындау

«Ембімұнайгаз» АҚ-да тәуелсіз директор өзгерді



«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқармасының шешімімен «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры Қуандықов

Балтабек Мұханұлының өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтауына орай бұл лауазымға Ізбасов Мақсым Шафиұлы сайланды.

Ізбасов Мақсым Шафиұлы – В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кен орындарын игерудің технологиясы және кешенді механикаландыру» мамандығы бойынша (1976 ж.), Алматы саясаттану және басқару институтын (1991 ж.) тәмамдады.

Еңбек жолын 1976 жылы «Құлсарымұнай» МГӨБ Құлсары кен алаңында мұнай мен газ өндіру операторы болып бастады. Кейін Құлсары кен алаңында өндірістік-технологиялық бөлімнің аға инженері, жерасты жөндеу цехының басшысы, өндіру цехының басшысы қызметтерін атқарды.

1985 – 1989 жылдары – «Құлсарымұнай» МГӨБ партия комитетінің хатшысы болды. Еңбек еткен әр жылдары «Құлсарымұнай» МГӨБ жоспарлау-экономикалық бөлімінің басшысы, бас инженері, «Теңізмұнай» ӨБ өндірістік-технологиялық бөлімнің басшысы, бас инженері,

бірінші вице-президенті болды. Екі акционерлік қоғам «Теңізмұнай» және «Ембімұнайгаздың» бірігуіне байланысты 1999 жылы «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ басшысы болып тағайындалды.

2004 жылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының директоры болып тағайындалды. Бұдан кейін «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ басшысы, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның «Ембімұнайгаз» ӨФ-де бас техникалық жетекші, Норт Каспиан Оперейтинг Компани компаниясы Атырау филиалының жергілікті билік органдарымен байланыс жөніндегі аға кеңесшісі болып еңбек етті. 2012 жылдан 2017 жылдар аралығында Атырау облысы Жылыой ауданының әкімі болды.

МАРАПАТТАРЫ:

«Құрмет» (1999 ж.) орденімен, «ҚР Конституциясына 10 жыл» (2005 ж.), «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011 ж.), «Қазақстан мұнайына 120 жыл» (2019 ж.) медаль-

дарымен, мәдени және гуманитарлық салалардағы демеушілік және қайырымдылық қызметтері үшін ҚР Президентінің Құрмет дипломымен (2006 ж.), ҚР Президентінің (2001, 2005 ж.) және Атырау облысы әкімдерінің (2001, 2005, 2007 ж.) Алғыс хаттарымен, КСРО Мұнай кәсіпшілігі министрлігінің (1980 ж.), ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің (2004 ж.) және ҚР мұнай және газ министрлігінің (2010 ж.) Құрмет грамоталарымен, облыстық кеңес және облыстық мәслихаттың Құрмет грамоталарымен, мұнай және мұнайдың 100 жылдығы және кен орындарының мерейтойларына арналған төсбелгілермен марапатталды. Халықаралық мұнай және газ кәсіподақтары конфедерациясының лауреаты (2005 ж.). Атырау облысы Жылыой ауданының (2004 ж.) және Қызылқоға ауданының (2007 ж.) Құрметті азаматы. «Жыл мұнайшысы» («Жыл адамы») (2001 ж.). Облыстық мәслихаттың екі шақырылымының депутаты (1999-2003, 2003-2007 ж.ж.). **Е**

Алғаш рет SPE Симпозиумы өтті

Жалғасы. Басы 1-бетте

Шара барысында өндіріс саласындағы қауіпсіздік жұмыстарына қатысты жаңалықтар мен тәжірибелер ортаға салынды. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік мәселелері кеңінен талқыланды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұйымдастыруымен болған SPE Симпозиумына ембілік мамандар, жас мамандар да қа-

тысып, тақырып аясында тың жаңалықтармен танысты. Кез-келген компания үшін жазатайым оқиғалар мен қоршаған ортаға әсер ететін зиянды әрекеттердің алдын алу өзекті мәселе. Бұл орайда мұнай-газ саласындағы компаниялар өндірісте жазатайым оқиғалар бойынша нөлдік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін үздіксіз жаңа әдістемелерді іздестіруде. Шара барысында тақырып аясындағы мәселелер кеңінен ортаға салынды. **Е**



Жақсы жағдай - нәтижелі еңбек!

Қызметкерлеріне қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етуде жан-жақты жағдай жасауды басты бағыт еткен «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы әр саланың жауапты мамандарымен өндіріс алаңдарын аралап келді. Бұл жолғы сапар «Жайықмұнайгаз», «Жылоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларына бағытталды.

Қандай да жағдайда да қызметкерлердің жұмыс жағдайына алаңдаушылық танытып, өндіріс барысындағы шешілуі тиіс мәселелерді оңтайлы әрі тез оң нәтижесін алу үшін «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің кен алаңдарындағы өндірістік көрсеткіштердің орындалуы және өндірістің ағымдағы жай-күйімен және күрделі құрылыс жоспарындағы құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатырған нысандармен танысудан бастады.

С.Балғымбаев кен орнынан 24 бірлікке арналған гараж-боксы арнаулы көліктер мен технологиялық транспорттар гаражының аумағын абаттандыруымен қоса нысанның құрылыс жұмыстарын да назардан тыс қалдырмады. Техникалық қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлуді және мердігерлердің жұмысты толық жан-жақты талапқа сай бітірмейінше асығыс қабылдамау қажеттігін ескерген Басқарма төрағасы С.Балғымбаев кен орнының 2020-2021 жылдардың күрделі құрылыс жоспарында қаралған өндірісішілік жолымен, 2019 жылы Тауарлық-материалдық құндылықтар бюджетімен келген жаңа №2 су тарату қондырғысының жұмысымен танысты.

Аталмыш кен орнында көлденең бұрғылау жұмыстары жүргізіліп жатқан №242 ұңғыда болды. Сондай-ақ, Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнының күрделі құрылыс жоспарына қаралып отырған өндірісішілік жолымен танысып, №282 ұңғыға ұңғыларды жерасты жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан бригада жұмысымен таныса отырып, жұмысшылардың сұрақтарына жауап берді. «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу 5-ші санатты операторы Қанат Бейсенов жұмыс жасауға толық жағдайдың барлығын айта отырып, арнаулы киімдердің размерлері тексеріліп оны Атырау қаласынан қысқартуға жағдай жасауды сұрады.

Өндіріс алаңдарындағы жұмыстармен танысу нәтижесінде арнаулы жұмысшы топ кеңейтілген мәжіліс залында бас қосты. Жұмыс сапарының

мақсатымен таныстыра өткен Компания басшысы Ө.Жақсыбеков басқарма бойынша жоспарланған мұнай өндіру, тапсыру көрсеткіштерін орындалуы және соған бағытталған жоспарланған ұйымдастыру-техникалық, геолого-техникалық шараларының орындалуы және өндірістің ағымдағы жай-күйі жөнінде қысқаша мәлімет беріп, шешімін күтетін мәселелерге тоқталды.

- Ең бірінші өндірістік жұмыстарда еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау заңдылықтарын қатаң сақталуын қамтамасыз ету біздің компаниямыздың басты міндеттері болып саналады. Сондай ақ, компанияның әлеуметтік саясатын дамыту, атап айтқанда, жұмысшы қызметкерлердің жайлы жатақхана орындарымен, сапалы тағамдармен қамтамасыз ету, еңбек әулеттері және өндірістік үдерістерге деген оң көзқарас компанияның басты құндылығы болып табылады. Сондықтан, акционерлік қоғам 2027 жылға дейінгі дамудың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын дайындады - деді жиынға төрағалық жасаған Басқарма төрағасы.

Әр саланың басқарушы директорларына жылдың соңына дейін аяқталуы тиіс бірқатар тапсырмаларды да жүктеді. Солардың бірі – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментіне радиациялық деңгейі жоғары темір қалдықтарын залалсыздандыру және қауіпсіз сақтауды қамтамасыз етуге арнайы жасақталған алаң мәселесін шешу. Мұнай-газ өндіру департаментіне кен орындарынан өндірілген ілеспе газдың артығын және технологиялық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газ дайындау қондырғысына техникалық қыз-

мет көрсету, компрессорлардың кенеттен тұрып қалуы кезінде ілеспе газды жағуға (факел) рұқсат алу жұмыстарын жүргізу, 2019 жылдың өндірістік бағдарламасында бекітілген «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның мұнай қазандарын шөгінді қалдықтардан тазарту жұмыстарын дереу бастауды тапсырды.

Басшының сапары «Жылоймұнайгаз» МГӨБ-да жалғасын тапты. Құлсары қаласының басты демалыс орталықтарының бірі саналатын «Мұнайшылар саябағы» бұған дейін «Жылоймұнайгаз» МГӨБ ұжымының жеке өз күштерімен күтіліп келді. Жоқтан бар жасап жүрген басқарма басшысына ризашылығын білдірген Ө.Жақсыбеков «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдық мерей тойына дайындық шараларына байланысты «Мұнайшылар саябағына» жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ақаулық тізімдемесін және сызбасын жасап, сметасын шығарып 2020 жылдың күрделі жөндеу жоспарына енгізуді тапсырды. Сонымен қатар Құлсары кен орны механикалық цехына қатынайтын көлік жолын жөндеу болашақта қарастырылатын нысан екені сөз болды. Ал, жөндеу механикалық цехына баратын су құбырының жобалау сметалық құжаты 2020 жылы жасақталып 2021 жылдың күрделі құрылыс жоспарына енгізілу қажеттігін және С.Нұржанов кен орнындағы бұрғылаудан шыққан №805 ұңғысын іске қосу мақсатында мұнай құбырының құрылысын жеделдету қажеттігі тапсырылды. Қаратон мұнай дайындау және айдау бөлімшесіндегі жылу қазандығының жобалау сметалық құжатын дайындауды 2020 жылдың жобалау іздестіру жұмысының жоспарына енгізіліп, Терең-Өзек кен орнындағы әкімшілік ғима-

ратына жағдайын тексеру мақсатында арнайы мамандар жіберіліп зерттелу қажет екені де айтылды. Қосшағыл кен орнында орналасқан аркалы ғимаратты Ақінген кен орнына көшіріп және жөндеу жұмыстарын 2021 жылдың күрделі жөндеу жоспарына енгіземек. Нысандарды аралаудан соң кеңейтілген мәжіліс отырысында Басқарма төрағасы Ө.Жақсыбеков 9 айдың өндірістік бағдармаларының орындалуы барысымен танысты. Қазіргі жағдайда Терең-Өзек, Қаратон, Қосшағыл және Құлсары кен орындарына байланысты туындаған мәселелерді шешуге қаражат қажет екені белгілі. Бірақ ұлттық компанияның қойып отырған талабына сүйенетін болсақ, аталған кен орындарының рентабелді болмауына байланысты қаражат қарастыру мүмкіндігі жоқ екені де қаперге берілді. Бірақ қазіргі бар мүмкіндіктермізге сай жұмысты тоқтатпау негізінде қолдан келгенінше шешілу қажет мәселелер де айтылды. Солардың бірі Материалдық техникалық жабдықтау департаментіне, көлік департаментіне Құлсары арнаулы техника және автокөліктер цехына көлік жуу қондырғысымен қамтамасыз ету мақсатында, сатып алу бюджетіне енгізу мәселесін шешу. Энергетика департаментіне «Прорва» және «Құлсары» кен орындарын дизелді жарықтандыру мұнарасымен қамтамасыз ету үшін, сатып алу бюджетіне өзгерістермен толықтырулар енгізуді; Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментіне басқарма бойынша жұмыс орындарын аттестациялауға байланысты, тиісті тұлғалардың қатысуымен жұмыс бабында кездесу ұйымдастырылу қажеттігінде жиын барысында тапсырылды. **Е**



Сұрақ-жауап

Мұнайшылар сауалдарына жауап

1. Атабек Сарсенов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөліктер колоннасының жөндеушісі:

Сұрақ: Жөндеу кезінде арнайы киімді 6 ай ішінде 2 рет аламыз. Арнайы киім тез жыртылып, жарамсыз болып қалады. Киімді жиі алуға бола ма?

Жауап: Компанияның ЭМГ104-15-02 ішкі құжатына сай жұмыстың қиындығына орай, автокөліктердің жөндеушісіне арнаулы киімге қосымша бір реттік комбинезон беріледі.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөліктер колоннасының жөндеушілері 2019 жылдың 1-жарты жылдығында 296 комбинезонмен қамтылды. Яғни, басқармада еңбек ететін 148 жөндеушіге екі комбинезоннан

берілген. Аталмыш басқарманың комбинезонмен қамту жөніндегі 2019 жылдың жоспары толықтай орындалды.

2. Нұрлан Идрисов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ жерасты жөндеу бригадасының операторы:

Сұрақ: Арнаулы киімдерді размерімен беруге болмай ма? Жұмыс киімінің қатты ластануына байланысты бір реттік киім мен резин қолғабы жиірек берілсе екен.

Жауап: 25.09.2018 ж. № 3003 құжатында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ жерасты жөндеу бригадасының операторы Идрисов Нұрланның размері 56 деп көрсетіліп, 2018 жылдың қазан айында осы размердегі киімін алды. 2019 жылы Н.Идрисов өзіне 58 размер

киімнің керек екендігін айтып, журналға қол қойды. Керек киімін жоспарға сай 2019 жылдың қазан айында уақытымен алады.

Басқарманың 2019 жылғы бюджетіне 3342 қолғап деп салынған. Ағымдағы жылдың 7 айдың қорытындысында 1417 пар қолғап алынды. 2019 жылдың жоспарында полимерлік материалдан қорғаныш жамылғысы бар 3216 қолғап қаралған. 7 айдың нақты есебінде 1601 қолғап алынды. ЭМГ104-15-02 ішкі құжатқа сай жыл ішінде 24 пар қолғап берілуі тиіс.

3. Н. Құдайбергенов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Ш.Мақат кен орнының 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы:

Сұрақ: Арнаулы киімдер бір данадан беріледі. Бірден қор (запас) жасап, екі данадан алуға бола ма? Сонымен қатар, инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылардың арнайы киімдерді пайдалану мерзімін өзгертуге болады ма?

Жауап: Мұнайшы үшін екінші киімнің қаражаты ҚР Салық кодексіне сай, қайтарымсыз алынған мүлік ретінде және табыс пен әлеуметтік салық үшін әлеуметтік және зейнетақы аударымдары болып есептелетін нысан деп қаралады. Бұл орайда, екінші киімді берерде бекітілген салық заңнамалары бойынша жұмысшы шығындарды көтеруге тиісті болады. Осыған орай, екінші киімді беру туралы мәселе бүгінгі таңда қаралып жатыр. **Е**

Кәсіподақ ұйымының төрағалығына үміткерлер

«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің төрағасына үміткер Мейрам Сабетовтың сайлау алды



БАҒДАРЛАМАСЫ

Кез-келген мекемеде жұмыс беруші мен жұмыскерлер мүдделерінің саналы тепе-теңдігі орнауы тиіс. Бұл орайда Кәсіподақ комитетінің жетекшісі жұмыс берушімен бірлесе отырып, еңбек жағдайларын жақсартуға қол жеткізу жолында жұмыстанады.

Қызметкерлеріміздің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуына жанаушы азамат ретінде және қызметкерлеріміздің көкейлеріндегі өзекті мәселелерді саралай келе төмендегі жоспарымды ұсынамын:

1. Еңбекшілердің экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауда табандылық таныту.

2. Кәсіподақ ұйымы атынан өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде, мемлекеттік органдарда барлық әлеуметтік-экономикалық мәселелердің қаралуына, сондай-ақ жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы еңбек шарттарының сақталуына араласу.

3. 2021 жылы қабылдануға тиісті жаңа ұжымдық шарттың тармақтарын сақтай отырып, жұмыскерлердің әлеуметтік еңбек құқықтары мен мүдделеріне қатысты жағдайларды жақсарту жөнінде өзгертулер енгізуге ықпал ету.

4. Жұмыс орындарын аттестациялауға белсене атсалысып, кәсіподақ комитеттерін жұмылдыру.

5. Өндірістік учаскелерге жақын орналасқан жатаханаларды біртіндеп жаба отырып, басқа аймақтарда вахта қалашықтарын салу жөнінде ұсыныстар көтеруге және осы мәселені шешуге тікелей араласу.

6. Мұмысшылармен үнемі байланыста болып, олардың мүдделері мен ұсыныс-пікірлерін басшылыққа жеткізу және оның орындалуына тікелей араласу.

7. Жұмысшыларымыздың тұрақтылығын сақтауға және алаңсыз жұмыс істеуіне кәсіподақ комитеттерін жұмылдыру.

8. Барлық кен алаңдарын спорт алаңдарымен, спорт құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету мәселесін көтеріп, шешілуіне атсалысу.

9. Жұмысшыларымыздың салауатты өмір салтына, спортқа деген құлшыныстарын арттыру, болашақ кәсіби мамандар тәрбиелеу бағытындағы көшенді шаралардың қабылдануына және іске асуына ықпал ету.

10. Жұмыскерлеріміздің заң сауаттылығын көтеру бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізу.

11. Жұмыскерлеріміздің әлеуметтік мәселелерін, мұң-мұқтажын шешуге араласу және қолдау көрсету.

«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің төрағасына үміткер Сырымбек Сарсембаевтың сайлау алды



БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Заң аясында жұмысшылардың құқықын қорғау

Заңға және Компанияның Ұжымдық шартына сәйкес жұмысшылар мен қызметкерлердің құқығын қорғау мақсатында 2021 жылы жаңа мәтінде шығатын Ұжымдық шарт пен әлеуметтік қолдау бағытында алдағы уақытта шығарылатын құжаттарда жұмысшыларға жасалатын жеңілдіктер мен мекеме тарапынан қолдау түрлерін көбейтуге ат салысу.

Жұмысшылардың жұмыс орындарын, еңбек жағдайын жақсарту бағытында қызмет етіп, тиісті орындарға хат жолдау, ұсыныс беру. Жұмысшылармен жиі кездесіп, жұмысшыларды алаңдатқан өзекті мәселелермен танысу, мәселелерді шешу жолында Компания басшылығымен тығыз байланыс орнату.

Емдеу – сауықтыру мақсатында шипажайға жолдама беру жөнін және медициналық қызмет көрсету мердігер мекемесі жұмысының сапасын жақсартуды назарда ұстау.

Кәсіподақ комитетінің төрағасы ретінде жұмыс беруші тарапынан өткізілетін разряд беру, еңбек біліктілігін арттыру емтихандары мен қызметкерлер мен жұмысшыларды қызмет орнына сай екенін анықтауға арналған аттестациялау кезінде қызметкер – жұмысшылардың құқын қорғау, оң шешім шығару үшін жұмыстану.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да жаңа жұмыс орындары ашылған жағдайда еңбек өтілі жоғары, жоғары білімі бар жұмысшы мамандарды қайта арнайы қосымша біліктілікке оқыту арқылы инженер – техникалық қызметке басымдықпен ауыстыруға ұсыныс жасау.

Өндіріс үшін маңыздылығы төмендеген мамандық иелері - жұмысшылардың жаңа кәсіби біліктілікке қайта оқыту арқылы өндіріс айналасындағы негізгі жұмыстарға тест тапсырусыз ауысуға жағдай қарастыру.

2. Кәсіподақ қаражатын пайдаланудағы Ашықтық (Прозрачность)

Жыл сайын кәсіподақ ұйымының бюджеті туралы, жұмсалған қаражат

жөнінде қызметкерлер мен жұмысшыларға толық ашық есеп беру. Кәсіподақ ұйымының құжаттарын (Устав, Положение, протокола профсоюзного комитета, ревизионной комиссии) жұмысшыларға ашық көрсету (открытый доступқа қою). Жұмысшылар ақшаның кімге, қайда, қалай жұмсалғанын электронды почта және жазбаша хабарлама арқылы тоқсанына бір рет танысып отыруы тиіс.

Кәсіподақ ұйымынан көрсетілетін көмектің нақты стандарттарын бекіту. Көрсетілетін көмек түрлерін ашық жариялау, жұмысшыларға таныстыру. Көрсетілетін көмек барлық мұнайшыға бірдей тиесілі.

«Интертич» пен «Медикер» медициналық қызмет көрсететін мердігер мекемелер арқылы тегін жолдама беру тізіміне енгізілген қызметкер – жұмысшыларға жылына бір рет шипажайға демалып келген шығынын кәсіподақ ережесіне сай өтеу. Осы мәселені бюджет шегінде жүзеге асыруды қарастыру.

Кәсіподақ ақшасын демеушілік көмекке және де кәсіподақ мүшелерінен басқа тұлғаларға негізсіз мақсатқа жұмсауды тоқтату.

Жұмыс барысында туындаған күрделі сұрақтар мен мәселелерді шешу үшін кәсіби білікті заңгер мамандардың көмегіне жүгініп, жұмысшылардың құқығын қорғау ісіне жұмылдыру. Жұмысшылардың әлеуметтік – құқықтық жағдайын қорғау ісінде кәсіподақ комитетінің рөлін күшейту.

Жұмыс беруші мен жұмысшылар арасында алтын көпір болып, ұжымдағы тұрақтылық пен ауызбіршілікті сақтап, ортақ мақсаттарға қол жеткізу.

«Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасына үміткер Самат Орамаховтың сайлау алды



БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы сайлауына қатысуға шешімді белгілі бір философия: «Егер сіз шешім қабылдауды созып отырсаңыз, онда сіз бәрін бұрынғыдай қалдыруға шешім қабылдадыңыз» деген дәйексөзімен (цитата) келтіргім келеді.

Менің жұмысымның негізгі бағыттары: 1. Кәсіподақ негізі – «бастауыш ұйым - цехком»

Кәсіподақ, ең алдымен, бастауыш кәсіподақ ұйымдарына жүгініп, оларға қатысты мәселелерді шешуі керек. «Бастауыш ұйымдарға» жүктелетін міндеттер - көлеміне, меншігіне, аума-

ғына қарамастан – бірдей болуы шарт. Осы мақсатта мен бастауыш ұйымның төрағасы атқарушы органның мүшесі және Қоғамның өндірістік құрылымы конференциясының делегаты бола алатындай етіп, Салалық кәсіподақтар Жарғысына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жасаймын. Біз бірлесе жұмыс істейміз, кәсіподақтың әр мүшесінің проблемасын білеміз, ескереміз және шешеміз. Біз заңды - тетік ретінде, ұжымды - күш ретінде, ұжымның мүдделерін - күш қолдану нүктесі ретінде пайдалануымыз керек, ал кәсіподақ бөрінің негізі болуы тиіс.

2. Ең басты мәселе – қызметкерлердің қауіпсіздігі

Кәсіподақтың міндеті – салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына бақылауды қамтамасыз ету. 2020 жылы өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестациядан өткізу жоспарлануда. Қоғамның барлық деңгейдегі кәсіподақтары бұл процеске белсене қатысуы керек деп санаймын. Қазіргі уақытта қызметкерлер арасында осыдан бес жыл бұрын өткен аттестациялау нәтижелері бойынша наразылықтар бар. Жұмыс орындарын аттестациялау нәтижелері еңбекке ақы төлеуді негіздеу және зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген жеңілдіктер мен өтемақылар беру үшін қолданылады. Кәсіподақтар, тиісті комиссиялардың мүшелері ретінде, мердігерлік ұйымдардың аттестация өткізуін, олардың әр жұмыс орнына баруын, тиісті аспаптық өлшеулерді жүргізуін қадағалауы және жұмыс берушінің осы мақсаттағы жұмыстарын ерекше бақылауға алуы керек.

3. Кәсіподақ жұмысының жүйесін жаңғырту және жетілдіру

Кәсіподақ мүшелерінің көпшілігі кәсіподақтардың жұмысынан өздеріне қажетті ақпараттың жеткілікті деңгейде берілмейтініне үнемі наразылық білдіріп отырады. Кәсіподақ комитеті мен оның төрағасының жұмысын ашық бағалау тәжірибесін жақсарту үшін, олармен бірлесе әрекет ету, өз мүшелеріне www.emba.kz веб-сайты, «Ембі тынысы» газеті арқылы ақпарат тарату. «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің интернет-сайтын ашу мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Көптеген сұрақтарды кәсіподақ жұмысының бірыңғай ақпараттық стендінің стандартын жасау арқылы шешуге болады. Сол арқылы жұмысшылардың тарапынан туындайтын көптеген сұрақтарға жауаптар ұйымдастырып, жұмысшылардың түрлі мәселелерін шешуге дереу ықпал етуге болады.

4. Әлеуметтік серіктестік

Кәсіподақтар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылығымен әлеуметтік серіктестік негізінде қарым-қатынас орнату, жұмыс берушімен сындарлы диалог жүргізу, ұжымдық шартты жасауға белсенді қатысу және оның талаптарының орындалуын бақылау керек.

Әлеуметтік серіктестік қағидаттарын іске асырудың жарқын мысалдарының бірі - қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік Кеңестің жұмысы. Осы Кеңес арқылы қызметкерлер кәсіпорынды басқаруға қатысып, салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайлары, еңбек жарақаттары мен кәсіптік аурулардың алдын-алу, жұмысшылардың денсаулығын сақтау үшін заңды құқықтары мен

мүдделерін қорғай алады. Өндірістік кеңестің жұмысын жандандырып, толымды қызмет істеуіне бар күшімді саламын.

Мен өз бағдарламамда жастармен жұмыс, жоғары кәсіподақ ұйымдарымен қарым-қатынас, кәсіподақ белсенділерінің біліктілігін арттыру және оқыту, кәсіподақ мүшелерінің құқықтық сауаттылығы, денсаулық сауықтыру, материалдық көмек туралы мәселелерді көтеріп отырған жоқпын. Бұл бағыттармен міндетті түрде күнделікті айналысу керек.

Мен мұнда - минимум бағдарлама ғана жасадым. Жұмыскерлердің күнделікті тіршілігіне, қоғам өміріндегі әрекеттерге байланысты, бағдарлама өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты біреу – ол еңбек адамының әлеуметтік қамтылуы, жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуы.

«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің төрағасына үміткер Данияр Аташевтың сайлау алды



БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен кәсіподақ төрағасы ретіндегі жұмысым Кәсіподақ ұйымының Жарғысы бойынша, «ҚР Кәсіподақтар туралы заң» және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалары шеңберінде жасалады.

Бүгінгі күні Кәсіподақ ұйымының төрағасы болып жұмыс істеу жауапкершілігі бұрынғыдан да еселене түсті деп ойлаймын. Айта кету керек, жұмыс беруші жұмысшының барлық жағдайын жасап жатыр. Қазіргі уақытта кәсіподақ ұйымының жұмысын қалай жандандыруға болады, бүгінгі жұмысшыға не керек деген мәселе туындап отыр. Менің бағдарламам осы екі мәселені қамтиды.

Бірінші мәселе, егер мен «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының төрағасы болып сайлана қалған жайғдайда өндірістік және әлеуметтік нысандарды жиі аралап, мұнайшылармен тұрақты кездесіп, олардың сұраныс-ұсыныс тілектерімен жете танысып, қоғамның мәдени спорттық шараларының өз деңгейінде өтуіне ат салысу – негізгі міндетім болады деп есептеймін. «Ембімұнайгаз» АҚ қарасты 50 тарта өндіріс нысандарын, 50 жатақхананы және 32 асхананы аралап өндірістік әлеуметтік жағдайын біліп отыруым қажет. Сонымен қатар кәсіподақ мүшелерімен әрдайым кездесіп сұраныс талаптарын орындауға (заң шеңберінде) және қоғамда болып жатқан жаңалықтармен, өзгерістермен бөлісіп түсіндірме жұмыстарын жүргізу мен үшін өзекті.

Екінші мәселе, кәсіподақ бюджеті орындалуының ашықтығына қол жеткізу. Қазіргі таңда біз кәсіподақ мүшесі бола тұра «Ембімұнайгаз» АҚ-ның кәсіподақ ұйымына түсіп жатқан қаражаттың қайда, қалай жұмсалып жатқанынан хабарсызбыз. Осы мәселеден келіп жұмысшылар арасында кәсіподақ ұйымының жұмысына де-

ген сенімсіздік туындап отыр. Осы олқылықты жою үшін жұмыстанамын. Ол үшін алдымен ұйым жұмысын жүргізерде айқындық пен ашықтықты таңдар едім. Ай сайын кәсіподақ мүшелерінен түскен арыздар мен талаптарды өзіме қарасты ұйымдастыру тобының мүшелерімен (өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі кәсіподақ ұйымының төрағалары) талқылап хаттамаға түсіріп, дереу орындалуына назар аударар едім. Өндіріс басында арнайы кәсіподақ ұйымының жұмысына арналған бұрыштар ұйымдастырып, барлық орын алған жәйттар туралы мәліметтер үнемі осы бұрыштан орын алар еді. Кәсіподақ ұйымының қаражаты халықтікі, сондықтан бюджеттің орындалуы барысындағы кірістер мен шығыстар туралы мәліметтерді барлық кәсіподақ ұйымының мүшелері біліп отыруы тиіс деп есептеймін. Міне, сонда ғана қызметкерлердің кәсіподақ ұйымының жұмысына деген сенімі нығаяды.

Мен осы жылдары екі рет ұжымдық шартты жасақтауға және бір рет «Ембімұнайгаз» АҚ-ның кәсіподақ ұйымының төрағасын сайлауға үлес қостым. Жалпы, мұндай шаралардың қалай, қандай деңгейде өтетінін жақсы білемін. Сондықтан да әр делегат өзгенің жетегіне ермей, өзінің жүрек қалауымен дауыс беруі тиіс деп ойлаймын. Себебі, Кәсіподақ ұйымы мүшелерінің алдағы жағдайы осы сайлауға қатынасқан делегаттардың қолында. Барлықтарыңызды осы қоғамда жұмыс жасай алатын, қарапайым жұмысшының талап - тілектерін қанағаттандыра алатын жауапкершілігі мол үміткерге дауыс беруге шақырамын.

Кәсіподақ ұйымы - жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы алтын көпір. Міне, мен өз кезегімде сол алтын көпірдің тұғырын берік ұстап, одан әрі жұмысшылардың мақсаты мен мүддесін қорғай отырып, заң аясында жұмыстанамын деп ойлаймын.

«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің төрағасына үміткер Лұқпан Бисалиевтың сайлау алды



БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Заң аясында жұмысшылардың құқығын қорғау

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2017-2021 жылдарға қаралған Ұжымдық шартқа сәйкес жұмысшылар мен қызметкерлердің құқығын қорғау. 2021 жылы қайта қаралатын Ұжымдық шартқа жұмысшылар ұсыныстарының енуі жолында жұмыстану.

Мұнайшыларға медициналық сақтандыру мақсатында қызмет көрсететін медициналық мердігер мекемелердің көрсететін жұмыс сапасының артуын назарда ұстап, емдеу-сауықтыру үшін берілетін қорытынды акт жұмысына араласып, жұмысшылардың құқығын қорғау. Шипажайға жолдама алатын жұмысшылардың санын көбейту үшін жұмыстану. Ең бастысы жұмысшылардың өмірін қорғап сақтандыру бағытында жұмыс жасау және денсаулығын жақсарту мақсатында жұмыс атқарып, жұмысқа келген жұмысшының, жұмыс уақыты аяқталғасын аман – есен өз отбасына жетуіне барлық қолдан келгенше жағдай туғызу. **Е**

Ембі басшысына – ҚР Кәсіподақ федерациясынан алғыс

Жаңа кәсіби мейрам – Қазақстан кәсіптік одақтары күні қарсаңында кәсіптік ұйымдар жұмысына белсенді араласып, зор үлес қосқаны үшін «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ марапатталды.

- Сіздің тікелей қатысуыңызбен кәсіпорынның кәсіподақ ұйымы еңбек адамының әлеуметтік мүдделерін қорғауда талай жетістіктерге жетіп отыр, - деп атап өтті ҚР Кәсіподақтар Федерациясының төрағасы Ералы ТОҒЖАНОВ 2019 жылы 4-қазанда Атырау облысының кәсіпорын басшыларының қатысымен өткен жиында.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанның Кәсіптік одақтары күні Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2019 жылғы 22-мамырдағы №303 Қаулысына сәйкес бекітіліп, елімізде 10-қазанда аталып өтпек. Еліміздің мерекелік күндер тізбесіне аталған мейрамды қосуда басты рөлді ҚР Кәсіподақтар Федерациясы атқарды.

Атап айтсақ, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 5 мыңға жуық ұжымының 4920 адамы кәсіподақ ұйымының мүшесі болып табылады.



Поэзия кеші

«Ембімұнайгаз» АҚ акт залында ұлттық поэзия бағының шоқ гүлдерінің ішінде отты жырларымен дараланған Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын, ірі тұлға, мықты суреткер, «Қазақ поэзиясының падишасы» атанған Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына арналған «Поэзия кештері» сайысының қорытынды шарасы өтті.

Ақынды еске алу мақсатында ұйымдастырылған концертте ақынның өмір кезеңдерін бейнелейтін бейнероликтер көрсетіліп, өлең шумақтарынан үзінділер оқылды. Ал, ақын бейнесін сомдаған Махамбет атындағы Атырау облыстық қазақ драма театрының артисі Ғазиза Алипова мен облыстық байқаулардың жеңімпазы, талантты жерлесіміз Мөлдір Мақсаттың және кішкентай бүлдіршін Кәусар Жола-

манның өнеріне көрермендер ерекше тәнті болды.

Айта кетсек, бұған дейін компанияға қарасты барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелер мен орталық басқару аппараты қызметкерлерінің арасында «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұйымдастыруымен өткен поэзия сайысында топ жарғандар – Мәулен Мұхамбеталиев («Қайнармұнайгаз» МГӨБ), Айнагүл Гумарова («Ембімұнайэнерго» басқармасы), Жұмабек Геннадиев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), Жарқын Темеев («Жайықмұнайгаз» МГӨБ) осы шарада да көрермендерге өнерлерін паш етті.

Фариза жырларын оқыған сайын көз алдымызға шыңның басындағы мұңлы шынар және кәусар бұлақтың сұлулығы мен мөлдірлігі келеді. Фаризаның сирек бақытқа ие болуының ең бастысы та-

рихпен тамырлас, халықпен тағдырлас жандардың ғана несібесіне бұйыратын, адамгершілік шалқарынан бастау алып жатқан жан мөлдірлігіне лай түсірмей жүре ала білгендігінде шығар. Оның жырларындағы тұңғық тереңдік пен айна көлдей айқындықтың қос қайнары өткеннің өзек өртер өкініштері мен келер күннің үмітті үздіктің пәк арманы болса керек. Фариза жыры - айдын көл, шалқар теңіз емес, тылмыс мұхит. Шараға жиналған көрермендер осыны тағы бір аңғарды.

- Тау алыстаған сайын биіктей түседі. «Ембімұнайгаз» АҚ на қарасты «Мұнайшы қыз» клубы компания қабырғасында түрлі шараларды өткізіп келеді. Биыл ашылғанына екі жыл толған клубтың қолға алған үлкен шараларының жалғасы – тірі болса 80 жасын тойлайтын Фариза ақынымызды еске алуға арналған

шара болып отыр. Бұған дейін өндірісте поэзия кештері өтіп, көптеген таланттарымыздың бар екендігіне көзіміз жетті. Қазан айының 31-і күні Мәскеу қаласында «Современник» театры сахнасында Қазақстан Республикасы елшілігінің ықпалымен «Фариза» спектаклі қойылмақ. Сайыс жеңімпаздарына аталған спектакльге жолдаманы сыйға тартқалы отырмыз, - деді «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.

Шара барысында сайысқа қазылық еткен ақын қыздар – Гүлзада Ниетиқалиева мен Сәулеш Шәтенова ембілік мұнайшыларға арнаған өлеңдерін оқыды.

Поэзия кеші Фариза апамыздың сөзіне жазылған «Жайықтың толқындары» әнін орындаумен қорытындыланды. **Б**



Ембіде мәдениет күндері басталады

Құрметті әріптестер!

Компания бойынша «Мәдениет күндері» сайысы басталатынын хабарлаймыз мәдениет күндерінің бағдарламасы:

- Ұжым күшімен дайындалатын концерттік бағдарлама;
 - Музыкалық аспапта ойнау өнері (домбыра, баян, гитара);
 - Вокалды-инструментальды ансамбль-дің өнері;
 - Вокал бойынша өнер көрсету;
 - Көркемсөз оқу;
 - Би билеу шеберлігі;
 - Юмористік қойылым;
 - Басқарманың тарихы мен жетістігі бойынша көрме ұйымдастыру;
 - Ұжым мүшелерінің декоративтік қолданбалы - көркем-сурет өнері бойынша көрме;
 - Мұражай экспонаттары;
 - Әр түрлі жобалар еніп отыр.
- Ұжым өнерін бағалайтын әділ қазылар алқасының құрамына әр басқармадан талантты, өнерлі өкілдер кіреді.

Мәдениет күндерінің өту уақыты:

- 01.11.2019** – «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
- 08.11.2019** – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
- 15.11.2019** – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
- 22.11.2019** – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
- 29.11.2019** – «ӨТҚЖКЖ» басқармасы;
- 29.11.2019** – «Ембімұнайэнерго» басқармасы;
- 06.12.2019** – Орталық басқару аппараты



Үздік деп танылған өнерпаздар 13.12.2019 күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай Орталық басқару аппаратында өтетін салтанатты шараға өз өнерлерімен қатысады.

Доссорлықтар – ауыспалы кубок иегері

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен алаңындағы «Каспий самалы» вахталық қалашығында Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік құрылымдық бөлімшелері мен Орталық басқару аппараты командалары (7 команда) арасында кіші футболдан

дәстүрлі турнир өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келетін турнирдің биылғы ерекшелігі – ойын ережесіне ауыспалы кубоктың енгізілуі. Яғни, бұған дейін командалар чемпиондық атақ үшін таласса, енді жыл сайын ауыспалы кубок сарапқа салынатын болады.

Екі екі күнге созылған турнирге қатысушы командалардың белсендігін атап өткен жөн. Командалар сапында жастармен қоса жасы үлкен жұмыскерлердің де өнер көрсеткені де ерекше бағалауға тұрарлық.

Ойынның жартылай финалдық кезеңіне «Жылыоймұнайгаз», «Дос-

сормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармалары, «Ембімұнайэнерго» және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармаларының командалары шықты.

Қола жүлдеге «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ мен «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының арасындағы ойын тағдыры пенальти сериясында шешілді. Ойынның негізгі уақыты тең аяқталып, жылыойлықтар Бауыржан Кунашев, Равиль Хабасов және Бағытжан Утеғалиев матчтан кейінгі пенальти сериясында мүмкіндіктерін қалт жібермей, командаға жеңіс сыйлады.

Ал, «Доссормұнайгаз» МГӨБ мен «Ембімұнайэнерго» басқармасы арасындағы финалдық кездесуде тек бір гол жеңімпазды анықтады. Ойынның екінші таймында «Доссормұнайгаз» МГӨБ есеп жүргізу бөлімінің басшысы Мәди Бексейітов соғылған жалғыз голдың авторы атанып, ауыспалы кубоктың иегері анықталды.

Ойын соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге медальдар мен дипломдар табысталды. Турнир жеңімпазы – ауыспалы кубокпен, сондай-ақ, үздік ойыншылар түрлі аталымдар бойынша марапатталды. Атап айтсақ, қарсыластар қақпасына 12 рет гол соққан Бекназар Ақмұрзиев («Ембімұнайэнерго» басқармасы) «Үздік сұрмерген», Жалғас Шуақбаев («Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы) «Үздік ойыншы», Равиль Хабасов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ) «Үздік қорғаушы» және Серік Бисекенов («Доссормұнайгаз» МГӨБ) «Үздік қақпашы» атанды. **Е**



Мұнайшылар демалысы қалай ұйымдастырылуда?

Газетіміздің өткен санында хабарлағанымыздай, ауысымдық әдіспен жұмыс атқаратын мұнайшылардың кешкі бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында бастау алған «Демалыс» бағдарламасы Компанияға қарасты өзге де құрылымдық бөлімшелерде жалғасын тапты. «Доссормұнайгаз» МГӨБ «Шығыс Мақат» кен орнында. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ «Каспий самалы» вахталық қалашығында және «Қайнармұнайгаз» МГӨБ «Кенбай» кен орнында ұйымдастырылды. Айта кетейік, алдымен қай спорт түрлерінен жарыс ұйымдастыру жөнінде мұнайшылар арасында сауалнама жүргізілген болатын. Өріптестердің ұсыныстары ескеріліп, шахмат, үстел теннисі, бильярд және дартстан (ерлер, әйелдер арасында) жарыстар ұйымдастырылды.

Бағдарламаның мақсаты жұмыскерлер арасындағы байланысты нығайту, корпоративті рухты қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, сонымен қатар, жұмыс уақытынан кейінгі бос уақыттарын тиімді пайдалану болып табылады.

Әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаментінің маманы Ә.Олжағалиев сөз сөйлеп, жарыс жеңімпаздарын Басқарма төрағасының Алғыс хатымен марапаттады.

Жарыс қорытындысы бойынша төмендегі жұмыскерлер жүлдегер деп табылды.

ШАХМАТТАН:

(«Доссормұнайгаз» МГӨБ):

I орын – Арман Аймағамбетов, арнаулы техникалар және автокөліктер керуенінің автокран машинисі;

II орын – Айжан Хамитова, мұнай айдау және тасымалдау цехының лаборанты;

III орын – Мереке Мамбетов, «Шығыс Мақат» кен орнының электромонтері;

(«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ):

I орын – Бауыржан Гибадуллин, «Достық вест» ЖШС бақылау өлшеу аспабы және автоматтандыру инженері;

II орын – Руфат Дәулетов, «Мусахан секьюрити» ЖШС күзетшісі;

III орын – Асылбек Қосымбаев, «Ас Car.KZ» ЖШС жүргізушісі;

(«Қайнармұнайгаз» МГӨБ):

I орын – Тимур Бисембаев, ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының машинисі;

II орын – Қайрат Сатмағамбетов, мұнай өндіру цехының операторы;

III орын – Махамбет Жұмағазиев, мұнай дайындау цехының операторы;

ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН:

(«Доссормұнайгаз» МГӨБ):

I орын – Рамазан Атагузиев, ащы су дайындау қондырғысының операторы;

II орын – Серік Бегимов, арнаулы көлік керуенінің жүргізушісі;

III орын – Жанболат Жұбанов, газды дайындау қондырғысының операторы;

(«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ):

I орын – Марат Тәжіғалиев, арнаулы техникалар және автокөліктер керуенінің автоэлектригі;

II орын – Нұрбек Нұрманов, газ өңдеу және күкірт алу цехының операторы;

III орын – Сатжан Айтқожин, «Мусахан секьюрити» ЖШС күзетшісі;

(«Қайнармұнайгаз» МГӨБ):

I орын – Ғарифолла Көшелеков, ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының операторы;

II орын – Берекет Елеулиев, жер қабаты қысымын ұстау цехының операторы;

III орын – Серік Болатаев, жер қабаты қысымын ұстау цехының операторы;

БИЛЬЯРДТАН:

(«Доссормұнайгаз» МГӨБ):

I орын – Азамат Байумиров, «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Доссор» электр торабының 4-разрядты электр құралдарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электр монтері;

II орын – Қанат Өлімбетов, «INTERTEACH» мекемесінің дәрігері;

III орын – Азамат Жұмаберген, «Мусахан секьюрити» ЖШС күзетшісі;

(«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ):

I орын – Бақтығали Бекмағамбетов, өндірістік диспетчерлік қызмет жетекшісінің орынбасары;

II орын – Талғат Қабдолов, С.Нұржанов атындағы мұнай-газ өндіру цехының операторы;

III орын – Жомарт Қуанышев, газ дайындау және күкірт алу цехының операторы.

(«Қайнармұнайгаз» МГӨБ):

I орын – Абзал Қонуспаев, мұнай және газ өндіру цехының геологы;

II орын – Нұржасар Галиев, арнаулы техника және автокөлік керуенінің машинисі;

III орын – Берік Сүлейменов, жер қабаты қысымын ұстау цехының жөндеушісі.

ДАРТСТАН (ЕРЛЕР АРАСЫНДА):

(«Доссормұнайгаз» МГӨБ):

I орын – Темірлан Сәден, «Dos support» ЖШС сантехнигі;

II орын – Бимырза Қабекешов, «Семсер өрт сөндіруші» ЖШС өрт сөндірушісі;

III орын – Асылбек Байтлеуов, мұнай айдау және тасымалдау цехының лаборанты;

ДАРТСТАН (ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА):

I орын – Алмагүл Нұржанова, зерттеу жұмыстары цехының шебері;

II орын – Салтанат Мұқашева, зерттеу жұмыстары цехының операторы;

III орын – Нұрбига Қрықбаева, «Dos support» ЖШС бөлме тазалаушысы. **Е**

«ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының барлық қызметкерлеріне арналған әлеуметтік желілердегі тәртіп жөніндегі ұсыныстар:

Біз қызметкерлеріміздің ой еркіндігіне құрметпен қараймыз және біздің ұсыныстарымызды жадыңызда ұстап жүруге шақырамыз.



Этика – алдыңғы кезекте

Сіз - Ұлттық компанияның қызметкерісіз, ҚМГ іскерлік этика Кодексі талаптарын үнемі сақтап жүріңіз.



Заңды бұзбаңыз

Заңға қайшы немесе шындыққа жанаспайтын ақпараттарды жарияламаңыз және таратпаңыз.



Сыпайы болыңыз

Биязы қалыпты сақтап, балағат және ар-ожданға тиетін сөздерден өз-өзіңізді аулақ ұстаңыз.



Адамгершілік құндылықтарды ұстаныңыз

Қатыгездік, алкоголь немесе есірткі заттар және т.б. насихаттайтын фото-бейнематериалдарды жарияламаңыз.



Құпиялылықты сақтаңыз

Әлеуметтік желіге салынған ақпарат ҚМГ мен оның серіктестеріне қатысты қызметтік, коммерциялық мазмұнда болмауы тиіс.



Жауапты болыңыз

Сіздің әр сөзіңіз Компанияның ресми ұстанымы ретінде бағаланады. Компанияның беделі Сізге тікелей байланысты.



Әлеуметтік желілерге қауіпсіздік техникасы ережелерінің бұзылуы, жазатайым оқиғалар мен өндірістегі оқыс жағдайларды көрсететін ақпараттар (кез келген мәтін) мен фото-бейнені жарияламаңыз. Мұндақ бұзушылықтар мен оқыс оқиғалар орын алғанын байқасаңыз дереу компания басшылығына және/немесе тікелей басшыңызға хабарлауыңыз қажет.

* Ұсыныстар ҚМГ іскерлік этика Кодексі негізінде дайындалды.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Қайрат ӨДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі